

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ ӘЛЕМІ БИОЛОГИЯ КОНГРЕСІ ӨТТІ

Жуырда I Халықаралық түркі әлемі биология конгресінің ашылу салтанаты өтті. Аталған конгресс оқу ордамызда алғаш рет университетіміздің ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Конгреске Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Грекия, Жапония, Үндістан сынды т.б жалпы саны 24 елден 150-ден астам ғалым қатысты. Ғалымдар екі күн бойы 20 секция мен пленарлық отырыстарда баяндама жасап, өзара тәжірибе алмасты.

Ашылу салтанатында алғашқы сөз тізгінін алған университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы Мұхиттен Шимшек ZOOM желісі арқылы онлайн байланысқа шықты. Алыс-жақыннан келген қонақтар мен ғалымдарды I Халықаралық түркі әлемі биология конгресінің басталуымен құттықтады.

«Бүгінгі жиын – биология саласы бойынша ғылыми зерттеулерді, көкейкесті мәселелерді талқылауға арналған конгресс. Биология саласы салауатты өмір сүру салтына,

дәлелі. Өздеріңіз білетіндей Жаратылыстану факультеті оқу ордамыздағы ең үлкен факультеттердің бірі. Оның қатарындағы Биология кафедрасында жыл санап студенттер саны да арта түсуде. Оның басты себебі – биология мамандарын дайындауда кафедра болсын, факультет болсын, институт жұмысы болсын барлығының үлкен үлес қосуында. Қазіргі таңда университетімізде осы факультеттің профессор-оқытушылар жетекшілігімен, Жоғары білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жалпы құны – 565 млн теңгені құрайтын ауқымды 5 жоба жүргізілуде. Осы цифрлар арқылы министрліктің оқу ордамызға қаншалықты маңызды қолдау көрсетіп жатқандығын білуге болады», - деді ректор. Қазақстанның ешбір ЖОО-да жоқ, дүниежүзіндегі университеттерге қарайтын биологиялық бақтардың ішінде көлемі жағынан 2-орындағы университет базасындағы Ботаникалық бақтың маңызы жөнінде де тілге тиек етті. Сонымен қатар, аталған конгресті ұйымдастыруға ат салысқан университет ғалымдары мен кафедра меңгерушілеріне алғысын білдірді. Ректор өкілі Пейами Баттал да халықаралық конгресс ашылуымен баршаны құттықтады.

«Биология – жалпы ғылымдардың ішіндегі ерекше орынға ие саланың бірі. Себебі, биология адамзаттың барлық қажеттіліктері мен өмір сүру кезеңінде маңыздылыққа ие. Әлемге ортақ – су, азық-түлік сияқты т.б көкейкесті мәселелер биологиямен тығыз байланысты», - деген ректор өкілі биотехнология, ауыз су мен азық-түлік мәселелері туралы ой қозғады. Конгреске қатысушы ғалымдар өз баяндамаларында аталған тақырыптарды қарастыратынына



жалпы экологияға, өндіріске, экономиканың дамуына тікелей әсер ететін маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан, осы мәселелерге мән беріліп, талқыланатын басқосуда екі күн ішінде үлкен нәтижелерге қол жеткізілетініне сенеміз», - деді Өкілетті Кеңес төрағасы. Сондай-ақ, биология, жаратылыстану сала мамандарының зерттеулері мен қажырлы еңбектерінің маңызды рөлі туралы тарқата жеткізді. Келесі құттықтау сөз тізгінін университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова алды.

«Университетіміз құрылғаннан бері түркі әлеміндегі жан-жақты мәселелерді зерттеу үшін бас қосып, оларды талқылауда ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Соның ішінде, биология конгресінің алғаш рет университетімізде өтуі үлкен қуаныш! 24 елдің ғалымдары, 20-дан астам секция – мұның барлығы оңай жұмыс емес. Бұл ұйымдастырушылық қабілет пен университеттің ғылыми потенциалының тағы да бір

сенетінін де атап өтті.

Сондай-ақ, Түркия Республикасының Түркістандағы Бас консулы Илкер Пак та өзінің құттықтау тілегін жеткізіп, конгресс маңыздылығына тоқталды.

Құттықтау тілектерден соң, өнерпаз студенттер домбырамен күмбірлеген күй тартып, қоңыр қобыз үнімен ерекше леп беріп, көрермен қошеметіне бөленді.

Бұдан әрі, қатысушылар конгресс жұмысын ресми түрде бастап, негізгі тақырыптарды талқылауға кірісті. Екі күнге созылған шарада қазіргі биология және биотехнология мәселелері мен болашағы; құрылымдық ботаника, микология және микробиология ғылымының мәселелері; ғылыми зерттеулер мен биологиялық білім берудің инновациялық технологиялары; биоалуантүрлілікті қорғауда ерекше қорғалатын табиғи аймақтың рөлі; Қазақстанның биология саласы зерттеулерінің қазіргі жағдайы және т.б. мәселелер қаралды.

СЫРЛЫ СҰҚБАТ

*театр

Марат ОРАЗМЕТОВ:

«ТЕАТР ӨНЕРДІҢ ҒИБАДАТХАНАСЫ»

Оразметов Марат Өмірханұлы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Спорт және Өнер факультеті, Орындаушылық өнер кафедрасында, актёрлық өнер мамандығының аға оқытушысы болып жұмыс жасайды. Ол Президент жарлығымен берілетін «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, кино актері.

-Марат аға, сұхбатымызды өзіңіздің өмірбаяныңыз жайында бастасақ? Кіндік қаныңыз тамған жер, отбасыңыз, осы сахна өнеріне қалай және қашан келдіңіз ?

- Мен 1978 жылы 7 наурызда қазіргі Түркістан облысы Кентау қаласында қарапайым отбасында дүниеге келдім. 1995 жылы Кентаудағы Т.Рысқұлов атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, сол жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы университетің өнер факультетінің студенті атандым. 2000 жылы аталмыш оқу орнын тәмамдап «Драма актеры және эстрадалық ән орындаушы» мамандығы бойынша біліктілік алдым. Еңбек жолымды 2000 жылы «Түркістан сазды драма театрында» актерлік қызметтен бастадым. Осы театрда республикамызға танымал болған Б.Вахапзадениң «Көк Түріктер» тарихи драмасында – Қара Қаған, Р.Сейтметовтің «Хан Кене» драмасында – Кенесары хан, Р.Сейтметовтің «Президенттің жүрегі» драмасында – Президент рольдерін театр сахнасында сомдап шықтым. Отбасым жайында айтар болсам үш ұлым екі қызым бар. Құдай қосқан жарым экономика ғылымдарының кандидаты, ол кісі де ұстаз.

- Сіздің өмірлік мұратыңыз қандай ?

-Өмірлік мұратым бүгінгі өміріме ертең ұрпағым ұялмаса екен деймін. Артыма жарық із қалдыру. Көштің басы қайда бұрылса арты да соған қарап жүрмей ме, сол сияқты алдыңғы бағыт бағдар беруші қалай тура әділ жүрсе артыда оның ізімен жүреді. Сондықтан ең алдымен біздің жолымыз тура әрі таза әділ болу керек деп ойлаймын.

- Шерхан Мұртаза ағамыздың театр көбейсе, түрме азаяды деген сөзін қалай түсінесіз ?

-Шерхан Мұртаза ағамыз кезінде белгілі бір жағдайларға, себептерге байланысты айтты ғой. Алғаш егемендік алған жылы еліміз ауыр кезеңдердің бірінде болды. Әлеуметтік жағдай төмен болды, қылмыс көбейді. Сол тұста бұл кісі парламентте халық қалаулысы болып халықтың сөзін сөйледі. Меніңше, сол кездердегі жағдайларға қатысты айтылған сөздері болар деп ойлаймын. Менің пайымдауымша, халық жақсылыққа, әсемдікке, әдемілікке бет бұрса адамдардың арасында қылмыс та азаяды дегенді меңзеген болар. Жалпы, театр өнердің ғибадатханасы деп айтады ғой. Бірақ енді түзелмейтін адам ол театрға барып түзеліп кетеді деп те айтпаймын.

Театрда жүріп өзімізге өзіміз күйе жаққандай болмайық, актерлер арасында рөлге байланысты қызғаныштан бір-біріне қиянат жасап жүрген әртістер де аз емес. Сондықтан да ол пікірге бір жақты қарау дұрыс емес деп ойлаймын. Бүгінде әлеуметтік желінің дамыған заманы. Онда ненің жақсы, ненің жаман екенін алақанға жайғандай етіп көрініп тұр, сондықтан да ар жағында түйсігі, санасы бар адам өзі ажыратып алады.

- Қазіргі жастарды әлеуметтік желі әлемінен шынайы әдебиетке, өнерге, театрға тартудың жолы қайсы ? Жастар театрға бармайды деген пікір жиі айтылады. Сіз қалай ойлайсыз?

-Мен енді мына пікірмен толықтай келісе алмаймын. Мен өзім сабақ беріп жүрген шәкірттеріме қатысты қарап айтылған әңгіме емес. Жалпы, қазіргі таңдағы көрерменнің театрға деген сұранысы өте жоғары, талғамы да жоғары. Өйткені кезінде 500, 200 теңгеге билет беріп келтіре алмаған көрермендер қазір таласып 10-15 мыңның билетін алып театрға келіп қойылымдарды көріп жатыр. Оның ішінде жастар көп десем қателеспеймін. Кейде тіпті, театрда орындықтардың арасында жүретін баспалдақта отырып көріп жүрген көрерменді байқадым. Оның көбі жастар екені сүйсіндіреді. Сондықтан да

мен ойлаймын қазір жастардың талғамы да, өмірлік ұстанымдары да жоғары. Оларда руханиятқа деген жақсы бір көзқарас қалыптасып келе жатқан сияқты.

- Актер болу үшін «Абай жолын» оқу керек» деген пікірмен келісесіз бе?

-«Абай жолын» актер болу үшін емес адам болу үшін оқу керек. Әркімнің өзінің өмірлік мақсаты мұраты бар. Сол мұрат-мақсатына жету жолында әрине, «Абай жолын» оқып өзіне сабақ алған дұрыс. Бірақ әдебиетшілердің арасында үлкен бір пікірталасқа қайта-қайта алып келіп жатқан тұстары көп. Сондықтан да оған бір жақты қарауға болмайды. Оны да зерттеп зерделеу керек. Жалпы актер болу үшін адам өмірге, өнерге сосын бала сияқты аңғал болу керек деп ойлаймын. Өнерді жақсы көретін талғамы биік адам болатын болса ол адам актер болады немесе шын өнер иесі болады.

- Адамның қандай қасиетін бағалайсыз?

-Көпшілік адамдардың меніңше ұстанатын қасиеті адалдық. Өмірде барлық нәрсеге, жасап жатқан еңбек жолыңа, отбасыңа, досыңа адалдық болмаса онда өмірдің мәні кетеді деп ойлаймын. Сондықтан да үлкен бір қасиет мен үшін адалдық деп білемін. Одан кейін өмірді шын сүйе білу. Сондықтан адал жүріп- тұру адамға керек жақсы қасиет деп білемін.

- Болашақ өнер, театр бағытына барам деуші жастарға қандай кеңес бересіз?

- Жастарға айтарым, егерде шын мәнісінде сол өнерді театрды сүйіп барам десе онда бір нарсені ойына түйіп алсын, ол ақша табатын кәсіп емес, ол бір бизнес жасайтын жер емес ол тек қана руханияттың әскері. Ол аш болсын тоқ болсын, өзімді шын сахнаның иесі, төресі, патшасы ретінде сезіне аламын, өмірден ештеңеден түңілмеймін, сол театрда жүріп соның бәріне жоқшылыққа да қарсы тұра аламын дейтін болса театрға өнерге барсын. Шыным сол...

Сұхбаттасқан: **Ербақыт НЫҒМЕТ,**
4-курс студенті



ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ БАҒЫНДЫРҒАН ХАНШАЙЫМ

Түркістандық Бектұрсынова Бибіқызы – көлік тізгіндеп, жолаушы тасымалдаумен айналысады. Нәзік жандының жүргізуші болып жұмыс істеп жүргеніне 30 жылдан астам уақыт өтіпті. Қымбатшылық заманында қызметінің құны өсірмеген Бибіқызы апай өз жұмысын сүйіп жасайды. Айта кететін болсақ, бір ерекшелігі қаланың кез-келген нүктесіне небәрі 100 теңгемен жеткізеді.

- Қай уақыттан бастап темір тұлпар тізгіндейсіз және оған не себеп?

- Мен көлікті 24 жасымда тізгіндеп бастадым. Қазіргі уақытта көлік жүргізушісі болып жүргеніме 30 жылдан асты. Алғашқы көлігім «Сары Волга» болды. Темір тұлпар тізгіндеу менің сүйікті ісім, хоббиім десем де болады. Таңның атысынан бастап, бірі жұмысқа, бірі сабаққа асыққан жандарды қол жетімді бағада әрі уақытылы жеткізу маған бақыт сезімін сыйлайды.

- Көлік жүргізу барысында қызметіңізге ең төменгі ақы аласыз, ол көпшілікке мәлім. Қызметіңіздің құны отбасыңызды асырауға жеткілікті ме?

- Жұбайым екеуіміз екі ұл, бір қыздың ата-анасымыз. Отбасымызбен көлік жүргіземіз. Жұбайымның тұрақты жұмысы жүк көлігімен тасымалдау. Алла, әр пендесіне өз ризығын беріп қойған демекші, қызметіме алған ақыға шүкіршілік етемін. Менің күнделікті клиентім мектеп оқушылары мен бала-бақша бүлдіршіндері. Таңғы уақытта балаларды мектеп, бала-бақшаларына жеткізіп, кешкі уақытта алып қайтамын. Көбіне ата-аналар балаларын маған сеніп тапсырғандықтан,



ұзақ жылдар бойы жұмыс жасасып келеміз. Сонымен қатар, көлік жүргізуден бөлек үй жағдайында жазғы бассейн, қыз-келіншектерге арнап сұлулық салонын аштым. Қызметімнің құнын өсірмеуімнің басты себебі мен көлік жүргізуді және адамдарға қуаныш сыйлағанды жақсы көремін. Әр адамды тұрақты мекен-жайына арзан бағада жеткізіп тастағанымда ол кісілердің айтқан алғыстары мені одан сайын бақытқа бөлейді.

- Көлік жүргізуде көптеген қиындықтар туындап жатады. Соның бірі көліктің жол бойында бұзылып қалуы. Бұндай жағдайлардан қалай шығасыз?

Әрине темір болғандықтан, кейде бұзылып көшеде қалып кететін жайттар болады. 30 жылдық тәжірибемнің арқасы дейміз бе?! Қазіргі уақытта кез – келген жағдайда көлігімді өзім жөндеп алуға тырысамын.

- Жастарға айтар қандай кеңесіңіз бар?

- Әр адамның қызығушылығына сай айналысатын сүйікті ісі болады. Менің айтарым өз сүйікті істеріңізді тауып, қоғамға пайдалы болып, еңбек етуден шаршамаңыздар.

- Бүгінгі риясыз әңгімеңізге рақмет, темір тұлпар тізгіндеп, халыққа қызмет етіп жүре беріңіз. Отбасыңызға амандық, табысыңызға береке тілеймін!

**Сұқбаттасқан: Зағипа ӘБЕН,
4-курс студенті**

КЕРЕК КЕҢЕС

Машина айдауға батылыңыз жетпей жүрсе...

Көлікке отыра салып, оны айдап кету екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Біреулер екі-үш жүргізгеннен бойларын үйретіп алса, кей жандарға рөлге отырамын деген ойды жеңудің өзі оңайға соқпайды.

Егер сіз көлік жүргізуді жаңадан үйреніп жүрсеңіз немесе көлік тізгіндеуді меңгергіңіз келіп жүрген әйел адам болсаңыз, сізге берер кеңестерімізге құлақ аса жүріңіздер:

Ең басты кеңес – машинаны көбірек жүргізіп, тәжірибе жинаңыз. Тәжірибесі бар жүргізушілердің айтуынша, көлік айдаудың қандай да бір реті немесе аяқ астынан бір жерге бару керек болса, бірден рөлге отыру керек екен. Тіпті, дүкеннен нан әкелу қажет болса да, көлік айдауды дағдыландыра берген жөн. Себебі, бойыңызды көлік айдауға тезірек үйрету үшін өзіңізге таныс жолдармен жүрген ыңғайлы болады.

Ер адамдарға қарағанда, әйелдерге машина жүргізу қиынға түседі. Сондықтан қала ішінде өзіңіз бірінші рет көлік жүргізгелі тұрсаңыз, қасыңызға сенімді тәжірибесі бар танысыңызды ала жүргеніңіз жақсы. Өйткені ол керек кезінде ескерту жасап, білгенін айта отырады. Мұндай көмек егер сіз жаңадан үйреніп жүрген ер адам болсаңыз да артық болмайды.

«Нервіңізді» ауыртатын жолаушыларды серік қылмау (мысалы, күйеуіңіз. егер жолда келісе алмайтын болсаңыз, көмектесудің орнына, жүйкеңіздің жұқаруына себепкер болса, жаныңызға сізді түсінетін көлікті басқара білетін құрбыңызды алған жөн болар). Себебі, көлік тізгінде барынша сабырлық сақтаған жөн.

Жолда жүрсеңіз де, сыпайылық сақтаған абзал. Жолда жүргендердің бәрі тең, бәрі бірдей. Басқа жүргізушілерді, жаяу жүргіншілерді сыйлау керек. Біреулер алдыңызды орап кетсе, ашу шақырып, тағы да жүйеңізді жұқартпаңыз. Өйткені, қанша дегенмен жол мұраты – жету. Басты мақсат – біреуді де ренжітпей, өзіңіздің де көңіл-күйіңізді түсірмей, жол ережесін сақтап отырып, диттеген жерге аман-есен жету.

Рөлге отырудан басқа амал қалдырмау. Айталық, көлігіңіз

бар, бірақ оны тізгіндеуге әлі де жүрексініп жүрсіз. Ал балаңыз сабақтан ерте шығатын болып, сізден басқа әкелетін жан болмаса, астыңызда көлігіңіз тұрып, қарап отырмайсыз ғой. Өмірде түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Көлік айдауды меңгеріп алсаңыз, қорқыныштарыңыз да сейіледі.

Қарапайым кеңес: өзіңіз жалғыз көлік айдауды алғаш рет тәжірибеңізге енгізіп жүрген кездері жүретін бағытыңызды алдын ала ойластырып қойған дұрыс. Жолдағы қауіпті тұстарды ескеріп, қай жерде жылдамдықты азайту керектігін, қайда тоқтайтыныңызға дейін есептеп алған жақсы.

Машина жүргізуді қыс мезгілінде емес, жазда үйренген жеңілірек. Көлік айдау дағдыларын қалыптастыру үшін қыс маусымы қолайсыздау. Қыста қанша дегенмен, жол тайғақ, күн де ерте қараяды. Тіпті тәжірибелі жүргізушілердің өзі жолды оңай бағындыра бермейді. Егер автокөлік айдауды үйрететін мектепте оқуды жоспарлап жүрсеңіз, көктем немесе жаз мезгілін жоспарлаңыз.

Психологтардың пайымдауынша, көлікке отырар алдындағы қорқыныш өзін-өзі төмен бағалайтын адамдарда болады екен. Машина жүргізуді алдыңызға мақсат етіп қойған кезде, одан бөлек кішігірім мақсаттар да қою керек, дейді психологтар. Мысалы, қандай да бір жағымсыз әдеттен арылу немесе көптен бері ренжітіп алып, сөйлеспей жүрген досыңыздан кешірім сұрау. Өзіңізді жеңіп, алға қойған мақсаттарды біртіндеп орындап отыру адамның өз күшіне сенуіне әкеледі.

Көлікке қанша рет отырсаңыз да, толықтай өзіңізге сенімсіз болып, машинаны айдау әлі де қиынға соғып жатса, автотренерден қосымша сабақ алған жөн болар. Бүгінде өз бетімен көлік жүргізуді үйрететін курстардан көп ештеңе жоқ.

Көлік айдауды енді үйреніп, жаңа бастап жүрген жандарға берер кеңестеріміз осындай. Қала ішінде немесе қозғалысы көп жерде жүруге қиналатын болсаңыз, бәлкім, жоғарыдағы кеңестеріміздің көмегі тиіп қалар. Жолыңыз әрқашан ашық болсын!

СТУДЕНТ ОЙЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ТАРИХЫ БАЙ, ТАБИҒАТЫ ӘСЕМ КЕНТАУЫМ!

Тарихпен табиғатқа бай - Қаратау тәжі Кентауымыз, бүгінде бүршік жарып, гүлдеп жатқан ағашпен жарыса көркеюде. Сол үшінде Кентау халқы бақытты, әрі қала болашағына сенімді...

зауытымыз, қала халқын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Жастардан зор үміт күтетін қала, бүгінде жастардың барлық жағдайын жасауда. Сол үшін де жастардың көзі ашық, көкірегі ояу, алға қойған мақсаты мен армандары



Көп жылдық тарихы бар трансформатор зауыты біздің қаламызда. Өлі күнге дейін жұмысын тоқтатпаған

нық. Жыл сайын өткізілетін түрлі іс-шаралар мектеп оқушыларына өмірді тануға керемет септігін тигізіп жатыр. Осындай жастарды ынталандыру мен өнер, білімге баулу қаланың жарқын болашағының кілті емес пе?! Қала кіре берісінен бастап келген қонақтар жасыл қаламызға қызығып, тамсана қарауда. Жылы жүзді, жайдарлы халқымыздан, оңтүстіктің керемет бейнесін байқауға болады. Таңнан кешке дейін қаланың тіршілігі қызу. Кешкісін қала тынысы ерекше ашылардай, әдемі жарық көшелерде тұрғындар үзілмей серуендеп жүреді. Ал жаңа сәулет өнерімен қайта жанданған «Шәмші Қалдаяқов» атындағы мәдениет сарайының ынтымақ алаңы, кішкентай балаларымыздың қуанышының, бақытты күлкісінің себепшісі. Қонақтар дәмін көріп, сүйсініп мақтайтын балмұздағымыз тағы бар. Арзан әрі дәмді

балмұздақ жасайтын «Айсберг» атты дүкенді бүгінде қаламыздың, еңбектеген сәбиіне дейін біледі. Мұның бәрі қаламыздың бақытты тіршілігін, жағдайын суреттейді. Әкімнің тынысы, қаланың тынысы, Әкімнің жұмысы, халықтың ырысы... -дегендей Кентау әкімшілігінің жұмысы көптің көңілінен шығуда. Қаланы одан әрі көркейту мақсатында, бос жерлерге жеке кәсіпкерлік нысандар салынып, құрғақ жерлерден су қазылып, ағаш отырғызып қаланың бос жатқан даласын орманға айналдыру өз қолымызда. Одан бөлек қала әкімшілігі Республикалық, Азиялық жарыстардан жүлделі оралған жастарды да сыйақысыз қалдырып жатқан жоқ. Мұхтар Әуезов атамыз айтқандай: «Қаратау тәжі -Кентаудың» сұлулығы, тұрмыс-тіршілігі, оңтүстік өңірінің алтын дінгегі... Жасыл қала Кентауда туылған әрбір бала өз қаласымен мақтануда. Менің де бақытты балалық шағымның аспаны - Кентау қаласы! Өркендей бер, сұлу қалам!

Дидар АСЫЛХАНОВ,
2-курс студенті

Ақсұлтан ӘНУАРБЕК, театр әртісі:

«КЕЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ ТЕАТРҒА ҚИНАП ӨКЕЛЕТІН»

Ақсұлтан Әнуарбек - Түркістан музыкалық драма театрының жас әртісі. Таланттымен жүректерге үміт ұялатып, қуанышқа бөлеп жүрген оның «Бөрте», «Келіндер көтерілісі» спектакльдеріндегі рөлдері көрерменнің таңданысын тудырды. Ерекше актерлік шеберлігі мен рөлдердің шынайы эмоциямен ойнай алатын қабілетінің арқасында өткен жылы Түркістан жастары премиясында «Үздік жас актер» номинациясының лауреаты атанды. Бұл марапат – оның үнемі жетістіктерге ұмтылуының және өз бойындағы қажырлы еңбегінің нәтижесінің көрінісі. Кейіпкеріміз сұхбат барысында театрда дайындық барысында болатын қызықты жәйттер туралы айтып, болашақ актерлерге бірқатар кеңестерін берді.

- "Келіндер көтерілісі" спектаклінде қандай рөлді сомдадыңыз? Бұл спектакль несімен ерекшеленеді?

Онда мен Фармон бибінің бесінші баласы Кемелдің рөлін сомдадым. Бұл спектакльдің басты ерекшелігі - мұнда режиссер Дәурен Серғазиннің өзі спектакльдің әр инсценировкасын жасап, (инсценировка – әдеби шығарма негізінде қойылған пьесаны театр үшін қайта өңдеу) қазақы отбасы қылып бейімдеуі жасағаны ерекше айта кететін жәйт. Одан кейін, бұл шығарма алғаш рет Қазақстанда 1978 жылдары Әуезов театрында қойылған. Спектакльдің түпнұсқасы өзбек тілінде болғандықтан барлығы оны өзбек халқының киімдермен, өзбекше әуендермен қояды. Біздегі ерекшелік - таза қазақы отбасы суреттелген. Бірақ, мейлінше оңтүстіктің отбасы қылып алғаннан кейін оңтүстік жақтағы актуальды әзілдері қолданылды. Блогер секілді заманауи кейіпкерлер қосылды. Жалпы, осындай өзгерістерге ұшырады. Көрермендер әлеуметтік желіде осы туралы жарыса жазып, фото, видеоларын бөлісіп жатыр. Көрермен жақсы қабылдады. Сол себептен де көрерменнің көңілінен орын ала білген спектакль болды деп есептеймін.

- Үлкен сахнадағы алғашқы қойылымыңыз есіңізде ме? Сіз үшін қандай әсер қалдырды?

Айтсам сенбессіз, бірақ мен осыдан 7 жыл бұрын 2016 жылы оқуды тәмамдап, Жүсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка драма театрында қызметке кіргенде ең алғашқы спектаклім осы «Келіндер көтерілісі» болған. Бірақ, ол жерде тілші рөлін сомдаған болатынмын. Алғаш сахна көріп тұрғандықтан кішкене комедиядан бастадым. Ол кезде алған әсерімді айтып жеткізе алмайсың. Өйткені, бірінші рет жасап тұрғандықтан «мен осындай нәрсе жасадым ба?» деп шок болдым.

- Сіздің ойыңызша, жастардың спектакльге деген көзқарасы қандай? Жастар театрға бармайды деген пікірді жиі естиміз. Сіз қалай ойлайсыз?

Ондай пікірді біз де жиі еститінбіз. Бірақ, қазір Қазақстандағы театрлар репертуарларымен біраз жұмыс істеді. Жастардың талабына сай талай спектакльдер бар. Кей спектакльдерді, мысалы, тарихи драманы да жастар түсінетіндей қылып, мейлінше көрерменнің көңіліне қарап қойып жатыр. Қазір 21 ғасырда тикток, инстаграм әлеуметтік желілері қарқынды дамығаннан кейін театрдағы СММ мамандары спектакльдің жақсы бір үзінділерін желіге салғанынан көрермендердің қарасы қалың болып жатқанын өз көзімізбен көріп жүрміз. Спектакльдің бір моментін салып жіберсе «бұл

қойылым қайда болады? билеті қаншадан?» деген сияқты сауалдар көбейіп кетеді. Оның арасында әрине жастар бар. Керісінше, жастар қолы босап жатса театрға келіп жүргенін көреміз. Бұрындары студенттерді осыған бару керек деп қинап әкелетін болса, қазір өздерінің шәкіртақыларынан алған қаражатқа өздері билет алып, спектакльдерге келіп жүр. Адамда таңдау деген нәрсе бар. Мысалы, бір спектакльге барып, одан алған әсері ұнамай қалса келесі бір жақсы қойылымға келуі мүмкін. Ал, алғаш көрген қойылымынан керемет әсер алса театрға деген қызығушылығы оянып, жиі келуді әдетке айналдыратын болады.



- Театрда күлкілі жағдайлар жиі бола ма? Есіңізде қалған бірін айтып бере аласыз ба?

Тетардағы процестің барлығында қызықты жағдайлар болады. Кейде спектакль барысында партнерің немесе өзің тексті ұмытып қаласың. Сол кезде импровизацияға жол бересің. Импровизация жасаған кезде ол адамға күлкі шақыруы мүмкін. Дәл қазір

басымнан өткен күлкілі сәттер есіме түспей тұр. Көбінесе, күлкілі жәйттер сөзін ұмытып, қателесіп қалу секілді сәттердегі адамның амал-айласы ғой.

- Қандай рөлді ойнау жаныңызға жақын?

Актер болғаннан кейін ұнаған кез-келген рөлді ойнағың келеді. Менің тәжірибемде комедиялық рөлдер көп болған екен. Ал, Түркістанға келгенде керісінше батырлардың, махаббат оқиғасындағы ғашық жігіттің рөлдерін ойнап, басқа тұлға ретінде дамып жатырмын. Жалпы, кез-келген рөлді ойнай бергім келеді. Ойнау мен оны өз деңгейінде алып шығу, жаңа кейіпкерді дүниеге әкелу бөлек. Мейлінше, әр кейіпкерім бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік айтар ойы бар кейіпкерлер болса екен деп тілеймін.

- Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?

Алдағы уақыттағы жоспарларым өзімде қалсын. Өйткені, адамның айтқаны емес, Алланың қалауы болады дейді ғой. Сондықтан да іштей мақсат қойып, соның жемісін жеген кезде айта жатармын.

- Болашақ актерлерге қандай кеңес бересіз?

Біріншіден, өзіңнің еңбегіңнің арқасында табысқа жетесің. Мейлінше ұстаздардан білім алғаннан кейін әрі қарай сен өзіңе өзің ғана көмекші боласың. Сондықтан да ең бірінші – еңбек, талмау, ізденіс. Тек бір мұғалімнің берген білімімен шектелмеу қажет. Қазір заман дамып жатқандықтан театр өнері де дамиды. Олардың системалары ескі қалыпта демесек те театр өнеріне жаңа дүниелер келіп жатқандан кейін әрқашан ізденісте болу керек.

- Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет. Алар асуыңыз, шығар белестеріңіз көп болсын!

Әңгімелескен: Гүлжан НИЯЗОВА
4-курс студенті

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



АХМЕТ YESEVI ÜNİVERSİTESİ

**АХМЕТ YESEVI ÜNİVERSİTESİ
MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF.
DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, KAZAKİSTAN
DEVLET SEKRETERİ SN. ERLAN
KARIN İLE GÖRÜŞTÜ**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazakistan Devlet Sekreteri Sn. Eran Karin ile görüştü. Görüşmede Ahmet Yesevi Üniversitesinin ürettiği projeler ve beklentiler ele alındı.



**SPORCULAR
KAZAKİSTAN
CUMHURİYETİ
ŞAMPIYONASINDA
BÜYÜK BAŞARI ELDE
ETTİ**



Ahmet Yesevi Üniversitesi sporcuları, 8-11 Aralık tarihleri arasında Çimkent'te gerçekleştirilen 23 yaş altı Kazakistan Cumhuriyeti Şampiyonası'nda önemli bir performans göstererek toplamda 11 madalya ile üniversiteyi gururlandırdı.

Öğrencilerimiz, şampiyona boyunca sergiledikleri performansla toplamda 3 altın, 4 gümüş ve 4 bronz madalya kazanarak Üniversitemizi en iyi şekilde temsil ettiler. Öğrencilerimizi ve hocalarını elde ettikleri başarıdan dolayı kutlarız.

**ÖĞRENCİLERİMİZ
BİLİMSEL PROJESİ EN İYİ
PROJE SEÇİLDİ**

Astana Tıp Üniversitesinde düzenlenen 'Medical Global Forum' etkinliğinde üniversitemiz öğrencilerinin projesi en iyi proje seçildi. Öğrencilerimizi elde etmiş oldukları başarıdan dolayı kutluyor; başarılarının devamını diliyoruz.

**АХМЕТ YESEVI
ÜNİVERSİTESİNDE
“TÜRKİYE
CUMHURİYETİ'NİN
100. YILI” COŞKULU
BİR TÖRENLE**

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek ve Türkistan Valisinin de katıldığı kutlamalarda cumhuriyet temalı bir tiyatro gösterisinin sahnelenmesinin ardından verilen konserle üniversitemizde 100. yıl coşkusu yaşandı. Üniversitemize katkılarından dolayı bazı öğretim elemanlarımıza ve idari personelimize teşekkür belgeleri takdim edildi.



ӨЛЕҢГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ...

«Ердің жасы – елуге» келген, оқу ордамыздың ең алғашқы түлегі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, ақын, композитор, ғалым, сценарист Асқар Дүйсенбінің «Табалдырық» кітабы туралы үзік сырды оқи отырыңыздар.

Қазақтың бағына біткен, өлең сөзден өрнек кестеленген, Ұлы Абай атамның «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп басталатын жыр жолдары, өнерге құмартқан әрбір жанның поэзия әлеміне қарай қадам басуына тың серпін беріп, құштарлығын арттырады. Өлең формасын философиялық теңеулермен, көңілге қонымды ой, астарлы ұйқас арқылы асқан шеберлікпен жеткізеді.

Жақында мектеп жасында, нақтырақ айтсам, жетінші сыныпта кездесіп, танысқан, бертін келе, сол таныстығымыз айырылмас достықтың деңгейіне жеткен Асқар бауырымның мамыр айында, университетіміз бен Түркістан қаламызда шығармашылық кеші өтті. Бұл іс-шарада қазақ эстрадасының өнер майталмандары оның сөздеріне жазылған әндерді нақышына келтіре орындады. Жүрек түкпірінен шыққан композитордың өз әндері де шырқалды. Көңіл пернесін деп басып, адамның жансарайын нұрға бөлеген, әсем әуезді сазға рахатана демалдық. Мұнымен қоса, ақын бауырымның бірнеше өлеңдері оқылды. Ең маңыздысы, «Табалдырық», «Единица жақсысы» кітаптарының тұсауы кесілді. Кешке келген көрерменнің ықыласына бөленген Асқардың шаттықтан тасыған көңілін, келушілердің бәріне деген шынайы алғыс сезімін оның отты жанарынан, қуанышты жүзінен аңғардық. Өз кезегінде Асқар да көрерменге ақ жарма тілегін өлеңмен жеткізіп, су жаңа кітаптарын ұсынды.

Менің де еншіме біреуі тиген еді. Кітаптың алғашқы бетіне «Бақытты ғұмыр, сәттілік тілеймін» деп, төлімнің алды – Әйгерім қызыма тілек жазып, қолтаңбасын қойып, сыйға тартты. Алғашқы күні кітаптың біршама бетін оқыдым. Күнделікті күйбең тірлікпен күн-ара оқып жүрдім, бірақ толық аяқтай алмадым. Тамыз айының он төртінші жұлдызында Қызылорда қаласындағы облыстық ауруханаға келдім. Мерзімді емдік шараларын жүргізу үшін, дәрігерім ауруханаға жатқызды. Мейірбикелер күнделікті емдомын жасайды. Қолдары да өте жеңіл, сондықтан болар денеме қадалатын сүйір тұмсық инелердің кіргенінде байқамай қаламын. Қалған кездерде бос уақытым жетерлік. Енді міне, сол кітапты қайта оқудың сәті де келді. Мұнда келмес бұрын, Асқардың кітабын жол дорбамның ішіне салып алғанмын. Уақытымды босқа өткізбей, кітап оқуға кірістім.

Кітаптың алғашқы бетінде «Кітабымды ардақты әкем Кейкі Дүйсенбіұлы, аяулы анам Тұрар Дәулетбайқызының рухына арнаймын!»

Бір ғұмырмен таусылмайды іс барлық,
Тіршілікте бастан ұшар құс қарғып...

Өлең деген мөлдіреген өмір ғой,
Өмір деген шексіз сүю, құштарлық! - деп, өлеңге түсінік беріп, ең алдымен әке-шеше әуағына бас иіп, тағзым етеді. Бұл – Асқардың парасат пайымы жетілген, кемелділіктің кеңістігін танып, толысқан шағы. Тек ұйқас аңдымай, әрбір жазған туындысының салмағына терең бойлауы, оның поэзияға деген адалдығын аңғартқандай. Мұны, өзінің «өмір сабағынан» алған тәлімі мен саналы түрде қорытқан ой-тұжырымы деп топшыладық. Балалық шақты сағына отырып, ел азаматы деңгейіне көтерілгенге дейінгі аралықтағы уақыттың қадірін шығармаларына арқау еткен. «Туған үй», «Алтын бесік», «Ағасы бар жігіттің», «Анашым», «Ауыл деген», «Қарашаңырақ», «Кешір, әке», «Адал дос», «Әжем менің – әлемім», «Аға-бауырлар», «Шай», «Тау мен адам тағдыры», «Киелі жер», «Бақытты балғын шақ», «Бүгінгі сурет, ертеңгі», «Оралмайды ол көктем», «Фотограф» т.б. өлеңдері арқылы өткенге оралып, асқақ армандарын арқалап, адам бойындағы ізгі-қасиеттерді негізге алады. Әрбір өлеңін оқырманға түсінікті, жеңіл, әрі ойлы ұйқастармен бере білген.

Жан едің сөзің дара, өзің дана,
Серігің сабыр менен төзім ғана.
Жүректі сағыныштың сазы төрбеп,
Ойлаймын, ойлай берем өзіңді ана!

Ұлылық қасиетінен танбас Алла!
Жылылық – саған анам, тән қашан да!
Басынан ұл-қызыңның тым болмаса,
Түсімде сипап жүрші анда-санда... - деп, анаға деген сағынышын «салқурең көз жасымен» өлең арқылы жеткізеді. Менде де осы сағыныш күн өткен сайын, қалыңдап бара жатыр. Есейіп елуге келсем

де, кей таңдарда анамды іздеп, жылап тұрамын.

Ал, әкеге арнаған өлеңінің соншалық шынайылығын, әке қадірін анасының тәлімі арқылы түсінген, әрбір жан ұқса керекті.

Сен – бәйтерек, мен бір әлсіз шыбықпын,
Шымырлатып шымшылайды тұнық мұң.
Балдарыма қарап тұрып өзімнің,
Әке, бүгін болмысыңды шын ұқтым.

Сен – қазанат, мен бір таймын кекілді,
Тай тұяғым тасты басып жетілді.
Қаталдығың – мінезімді қайраған,
Қанжарымның қайрақ тасы секілді.

Масаттанып мақтау алсам сөзіңнен,
Көңілденем кеңгендей өз іргем.
Көңіл толмас бір кейіс сөз, үрпіп,
Естімесем деп тұрушы ем өзіңнен.

Еңбек десе кере жайып қанатын,
Асуыңда аз болмайтын алатын.
«Айналайын, балам» - десең, қуанып –
Төбем көкке сәл-ақ тимей қалатын.

Ия, дәл осы күй әкесін көкке көтеріп, асқар алыпқа балаған әр перзенттің басында болған шығар.

Кітаптағы тағы да бір ерекшелік, Асқар Дүйсенбінің туған жер, өскен өңірге деген шексіз махаббаты, аға-бауырға деген адал құрметтің айқын көрініс табуы қуантады. Поэзия әлеміне жаңа мазмұн, жаңа лебізбен келіп, өз қолтаңбасын қалыптастырған Асқар ақынның «Табалдырық» жыр жинағына мұнан бөлек, тарих сырын білуге асыққан, зор ықыласпен жазылған өлеңдері де енгізілген. Соның бірі, кезінде қазақ даласын өлем елдерімен байланыстырған Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, тарихтың тың қатпарында сырын ішке бүгіп, құпиясын табуға ұмтылған іздеуші ұрпағын асыға күтіп жатқан – Отырар, Сығанақ қалаларына да жыр арнауы. Тарих, археология, әдебиет, өнер салалары үшін алдағы уақытта атқаратын, кезек күттірмес өзекті мәселенің бар екендігін өлең арқылы аңғартып тұр.

Кіндік қаны тамған жер –
Фарабидің,
Күмбір, күмбір сарыны дара
күйдің.
Қасиеті сіңген жер
бабалардың,
Өсиеті қалған жер дана,
бидің.

Түтін ыстап, жотасын күн
қақтаған,
Ғасыр сырын құлыптап,
құндақтаған.
Тері сіңген бабамның, ізі
қалған,
Топырағы әр уыс қымбат

маған.

Замананың бедерлі сатысы көп,
Шығысы кеп бас иген, батысы кеп.
Отырарда туылған адамдардың,
Осал болып өсуге қақысы жоқ. – деп өз-өзіне міндет жүктеп, Шыңғысхан жеңе алмаған Отырардың қаһарман ұлы екендігін мақтаным етеді. Мақтана отырып, артынан ерген жас ұрпаққа қазақтың батырлығы мен тектілігін дәлелдеп тұр.

Беу Сығанақ, дана мекен, дара болмыс
ақылшым,
Сан қырғында бел, тізесі бүгілмеген батырсың!
Үш ғасырдан бермен үнсіз, тас бүркеніп
қымтанып,
Қандай сырды бауырыңа басып қана жатырсың?!

Қалың Қыпшақ, Ақ Ордаға мекен болған Сығанақ,
Досына адал, дұшпанына бекем болған Сығанақ,
Жібек жолың жалғап байлық, ұлы сауда
саттықпен,
Сәулетіңе қараушы еді жер менен көк сығалап.

Алтын тәжің нұрландырған Бұрындықтай
бабамның,
Тарам-тарам сақалынан аққан жасын даламның.
Өксіп-өксіп ішке тартып, тіл қатпастан бұйығып,
Далаң жатыр қатпар-қатпар әжіміндей анамның.
– деп, сыршылдықпен жырлайды. Түлеу, тозу табиғаттағы заңдылық екендігін алға тартады. Ең бастысы, ұрпақ санасында Отырар мен Сығанақ қалаларының бір кездегі бейнесінің, қанша ғасыр өтсе де, сәулеленіп, маржандай жарқырап жатқандығына мақтанады.

Ақынның өлеңдерін оқығанда, адам жанының сағынышқа толы, өткен күндерді еске ала отырып, ой түйіп, өз-өзіне есеп берген талпындығына еріксіз бас иесің. Пәни жалғанның тұрақсыздығын тілге тиек ете отырып, адами болмысты жоғалтпауды да назарға алады. Түрлі тақырыптарға батыл ба-рып, мағыналы теңеу жасады. Шығармаларының шыншылдығы оқушыны бірден өзіне баулап алады.

Көп сезімнен қашықтаймыз кей іспен,

Ай мен күндей сығаласып мүйістен...
Сағыныштың құдіреті-ай жүректен,
Тереңінде жанарлардың түйіскен.

Бір асудан жетемін деп асуға,
Жүргенде өмір өте шығар расында.
Жүрегіңнің паршаланған жан күйін,
Кейде осылай тура келер басуға.

Туылғанмен аласұра тасып қан,
Шараң қайсы, уақытқа асыққан.
Көзқараста жатыр тарам тағдырлар,
Бір-біріне қарайлаған қашықтан.

Көз ішінде көлдей сезім дір еткен,
Бұғаулайсың оны қалай шыр еткен...
Содан ба екен көзбен көрген көп жайды,
Кейін еске ап жататының жүректен...

Бәрі өткінші...жусанды бел...боз дала...
Ей, тәкәпбар басыл көңіл, боздама...
Ортайғанмен еңкіш тартып өмірің,
Қартаймайтын жүрек пенен көз ғана... - деп, сұңғылалықпен сыр шертеді. Еріксіз ойға кетіп, өткенге көз жүгіртіп, келешегінді бағамдайсың. Асқар маған аптаның әр жұмасында міндетті түрде «Күндердің сұлтаны болған – Жұмаға» арнап жазған өлеңдерін жіберіп отырады. Осыған мен әбден дәнкітім бе, жоқ қалыпты әдетке айналдырдым ба білмеймін, сол күні Асқардан өлең күтемін.

Алланы тану үшін мешітке барып, жатып алудың қажеті жоқ шығар. Ең алдымен Аллаға иман келтіріп, бес уақыт намаздың оқы. Қазақта «Мұсылманшылық әсте, әсте» деген керемет бір нақыл бар. Ұлы Абай атамның он жетінші қара сөзінде: «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» болғанда, адам өзін тазалықтың шыңына бастайтыны айтылады. Алланы шын танығың келсе, ең алдымен ата-анаңа құрмет жаса. Сол үшін емес пе «Алланың ризалығын алғың келсе, ата-анаңды құрметте», «Жұмақтың кілті – анаңның табаныңның астында», «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызынан құтыла алмайсың» деген сөздердің бәрінің астарында ислам діні мен қазақ халқының тәрбиесінің арасында ешқандай алшақтықтың жоқтығын көрсетеді. Міне, тәрбиенің бастауы – ұлттық құндылығымызда, ғылыми тілде айтсақ, ұлттық кодымызда да осы болмақ.

Асқар бірде маған, «Не үшін...» деген тақырыпта жазылған өлеңінің айы мен күнін көрсетіп (әр жазған дүниесінің уақыт мерзімін көрсету, оның күнделікті дағдысына айналған. Ұлы Ұстазымыз Рахманқұл Бердібайдың бізге берген ең алғашқы кеңесі – ұқыптылық.), WhatsApp арқылы жіберді. Өлеңді оқи отырып, көп жағдайда мән бермей, бағалай алмай жүрген уақыт пен күніміздің қадірін кетірмеу керектігін әдемі, көңілге қонымды, тұшымды оймен жеткізгеніне сүйсініп, қуандым.

Не жетеді бұл ауыз біршілікке,
Опа бермес күн көріс құр сілікпе.
Бірімізді-біріміз іздемесек,
Не үшін жүрміз мәз болып тіршілікте?!

Саған да асық, жандар бар маған да асық,
Жақындайық қол созып, қадам басып.
Ертең бәрі қалады ұмытылып,
Не үшін жүрміз тұрмасақ хабарласып.

Тым болмаса телефон шыр еткізіп,
Сағынайық шым-шымдап жүрек қызып.
Қу тірлікке құл болып, бағаламай,
Не үшін жүрміз алдамшы күн өткізіп...

Жылаймын ба, білмеймін, күлемін бе,
Жалғыз құдай үмітің, тілегің де.
Бірімізді-біріміз сыйламасақ,
Не үшін жүрміз бес күндік бұл өмірде.

Су басады, өрт шалып құрақ белді,
Бұл өмірде кімің бар тұрақты енді.
Тек әйтеуір жауапсыз «не үшін?» – деген,
Артымызда қалмасын сұрақ белгі!
Ия, «қолда бардан алтынның қадірі жоқ» дегеннің кері келмес үшін, тіршілікте барымызды бағалайық. Бойына адалдық пен адамдықтың негізі қалыптасқан әрбір жан үшін өз үйі, өз отбасы, өз жұртынан қадірлі дүние жоқ. Бұл хақында айтылған ұлағатты сөзде, бабалардан жеткен өсиетте аз емес. «Қазақ халқында табалдырық – қасиетті ұғым. Ол – үйдің сырты мен ішінің, байлық пен кедейліктің шекарасы. Табалдырық – бақыт пен жақсылықтың қарауылы».

Сол ұғымды ұстанымы етіп, саналы түрде өзіндік шешім қабылдап, жыр жинағына «Табалдырық» деп ат қойып, оқырманының игілігіне ұсынған Асқарға өзінің сөзімен:

Жаратқан ием көктегі күшім,
Жаз бен күз, қыс пен көктемнің үшін.
Ризамын өмір – жақсы жандармен,
Осынау күнге жеткенім үшін,-
деп алғысымызды білдіріп, шығармашылық жо-лына табыс тілейміз!

Данияров Талғат ӘБУБӘКІРҰЛЫ
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

БІЛІМ - БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Білімді адам – елдің баға жетпес қазынасы. Ұлттың болашағы әрқанда да білімді жастардың қолында. Білім – біздің ғұмыр бойындағы қолымыздағы байлығымыз. Басымыздағы білімімізді ешкім де ешқашанда тартып ала алмайды. Біз білімді мектептен, ұстаздарымыздан, университет қабырғасынан аламыз. Осылай біз өз біліміміздің іргетасын қалай бастаймыз.

Әрқанда да білімді адамның өмірі қуанышты әрі жарқын болары анық. Білім біздің қараңғы өмірімізді жарықтандырушы шамшырақ іспеттес. Өмір жолындағы кедергілер мен мәселелерді біліміміздің арқасында түйінің шеше аламыз. Алға қойған мақсаттарымыздың орындалуына нақты іс-әрекеттер мен біліміміз арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Білімді тек мектеп қабырғасы мен ұстаздар арқылы ғана алып қоймаймыз. Сонымен қатар жанымыздағы араласатын жандар мен достарымыздың іс-әрекетімен өмірлік сабақтар аламыз. Өмірде бізге сабақ беру үшін келетін әрқилы адамдармен танысамыз, олардың бізге жасаған жақсылығы мен жамандығының арқасында көп сабақ алып, ой түйеміз. Үлкен өмірде мектепте оқыған пәндер тек маман иесі атануға және жұмыс жасауға қажет болса, ал өмірдегі қиыншылықтармен күресуді өмірдің өзі ақырындап үйрете бастайды. Өмір – білімнің қайнар көзі. Мәңгілік ұлағатты ұстазымыз болып қалмақ.

Самал ӘБІЛҚАСЫМ
2-курс студенті

СТУДЕНТТІК ӨМІР МЕН КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ

Өмірдегі ең қызық кезең меніңше «Студенттік өмір»! Студенттік өмір-қызығы мен шыжығы қатар жүретін ешқашан қайталанбас сәт. Бұл тек төрт жыл уақыт. Әр адамның өмірінде естен кетпейтін сәттері болады. Өмірдің өзі сәттерден тұрады десек, сондай тәтті бір кезең студент болған мезгіл. Әрине, студент өмірі өзі сүйіп таңдаған жоғары оқу орнында өтеді. Бірінші курс «балмұздақ» атанып, үлкен оқу орнын қызықтап, мұғалімді көріп арыстанды көрген қояндай қорқып, жан жаққа жалтақтап жүретін кездер деп жатады бірақ біздің топ үшін, Әжк 211тобы үшін қоян болатындай қорқатын себеп болмады. Топтағылармен қаланың қарыштап дамыған жерлерін көріп, театрға барып, рухани азық алып, мұражайлардың мұраларына қанығып, мез-мейрам болып қаласың. Былай қарағанда бұл жерлерге студент болмай тұрып та барып жүрдік қой. Таңғалатын ештеңесі жоқ тәрізді болғанымен, жанындағы серіктеріңмен келгендей болмайды екен. Бәрінің де сәнін келтіретін сол достар, сол топтастар. Студенттік жылдар-бұл әлемді көрудің, жаңа көкжиектерді ашудың, студенттермен алмасу бағдарламаларының арқасында басқа елдерге барудың сәтті мүмкіндігі. Академияда әрқашан өзін көрсетуге көптеген мүмкіндіктер бар. Көптеген үйірмелер, қызығушылық топтары сізге әр адамға ұнайтын хобби таңдауға мүмкіндік береді. Төрт жылдық оқу, жатақханада тұру, бай ғылыми өмір және шексіз қарым-қатынас. Студенттік өмірдегі ең жағымды нәрсе-ол барлығын дерлік күтеді! Бұл әдемі уақыт туралы кім және не айтатынына қарамастан, әркімнің студенттік өмірі ерекше болады. Барлық қуаныштармен, қайғылармен, жетістіктермен, көтерілістермен. Бірегей және ұмытылмас. Әрине, бұл уақыт жүрекке терең із қалдырады, сондықтан студенттік уақыттан бастап бере алатын барлық нәрсені алған жөн. Нағыз студенттік өмірдің сұлулығы-бұл тек бір рет болады, содан кейін тек жарқын естеліктер қалады.

Сабина ДАДАХАНОВА,
2-курс студенті



СТУДЕНТТІК ӨМІР - ЕҢ КЕРЕМЕТ УАҚЫТ

Әрбір адам өзінің өмірінде студент болатыны белгілі. Менің ойымда мектеп кезден кейінгі ең керемет уақыт студенттік шақ деп ойлаймын. Әсіресе 1-ші курс. Алғашқы үлкен өмірге қадам, ештеңеден хабарың жоқ уақыт, жаңа орта, жаңа достар, көптеген жаңа мұғалімдер, бір-бірінен шатастырып ала беретін аудиториялар. Міне осының барлығы естен кетпес ыстық естеліктерғой. Осы бір азғана уақытты әрбір студент өзінің уақытын тиімді әрі қызықты өткізгені дұрыс. Студенттік шақ – үлкен мүмкіндіктер мен жарқын болашақтың бастамасы. Ол барлығына бірдей беріледі, бірақ оны кімнің қалай пайдаланары өзіне байланысты. Көптеген студенттер өзіне берілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланбай жатады. Уақыттарын тек ішіп-жеумен, ойын-сауықпен өткізетіні ішінді қынжылтады. Меніңше осы нәрселерге кеткен уақытты өзін дамытуға арнаса, өзінің армандаған істерін жасаса тіптен жақсы. Дегенменде барлық студенттер өзінің уақыттарын босқа кетіріп жатыр депте айта алмаймын. Бойындағы күш қайратын білім мен өнерге арнап жатқан жандар аз емес. Міне осындай берілген мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, өмірдегі өз орнымызды табу біздің мақсатымыз. Сөзімді қорытындылайтын болсам, өмірдегі осы бір аз ғана студенттік уақытты мейлінше дұрыс жағына қарай пайдаланып, әрі қызықты өткізгеніміз жөн. Бойымыздағы бар қабілетті шыңдап, келер жастарға өнеге болуымыз. Жылдар өте келе студенттік кезді жиі еске алатындай қылып, қызықты өткізуіміз өзіміздің қолымызда. Өмірдегі ең керемет уақыт студенттік шақ болмақ.

Самат ҰМЫТБАЕВ,
2-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:
«Журналистика» кафедрасының студенттері

Фото маманы:
Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.